

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу Университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет, Құрылыс және энергетика институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

Қойшиева Перизат Қуанқызы

«Алматы облысындағы жылына қуаттылығы 50 мың м³ көпірлі
конструкцияны шығаратын зауытты жобалау»

Дипломдық жобаға
ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

5B073000-Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрылымдарын
өндіру

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу Университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет, Құрылыс және энергетика институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

ҚОРҒАУҒА ЖІБЕРІЛДІ

Кафедра меңгерушісі

Кызылбаев Н.К.

« _____ » _____ 2019ж.

Дипломдық жобаға

ТҮСІНІКТЕМЕЛІК ЖАЗБА

Тақырыбы: «Алматы облысындағы жылына қуаттылығы 50 мың м³ көпірлі конструкцияны шығаратын зауытты жобалау»

5B07300-Құрылыс материалдарын, бұйымдарын және құрылымдарын өндіру

Орындаған

Қойшиева П.Қ

Пікір беруші

Жетекші

_____ Т.Ғ.К _____

Т.Ғ.Д., профессор

_____ С.Е.Орынбеков

_____ Қуатбаева

« _____ » _____ 2019ж.

« _____ » _____ 2019ж.

Алматы 2019

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Қ.И. Сәтбаев атындағы Қазақ Ұлттық Техникалық Зерттеу Университеті

Т.Қ.Бәсенов атындағы Сәулет, Құрылыс және энергетика институты

Құрылыс және құрылыс материалдары кафедрасы

5В073000-Құрылыс материалдары, бұйымдары және құрылымдарын өндіру

БЕКІТЕМІН

Кафедра меңгерушісі

Кызылбаев Н.К.

« _____ » _____ 2019ж.

**Дипломдық жоба орындауға
ТАПСЫРМА**

Білім алушы Қойшыева Перизат

Тақырыбы: «Алматы облысындағы жылына қуаттылығы 50 мың м³ көпірлі»

Университет ректорының « _____ » _____ ж. № _____ бұйрығымен бекітілген

Аяқталған жобаны тапсыру мерзімі

Дипломдық жобаның бастапқы берілістері Бас жоспардың техника экономикалық көрсеткіштері. Кәсіпорынның жұмыс тәртібі, конструктивтік

шешімдері, технологиялық тізбек өнімділігі, технологиялық құрылыстардың есептемесі мен іріктемесі. Жасанды жарықтандыруды есептеу.

Дипломдық жобада қарастырылатын мәселелер тізімі

а) Технологиялық бөлім

ә) Жылу техникалық бөлім

б) Сәулет-құрылыстық бөлім

в) Технологиялық процестердің автоматикасы және автоматтандыру жүйесі

г) Экономикалық бөлім

д) Қауіпсіздік және еңбек қорғау

Сызбалық материалдар тізімі Бас жоспар сызбасы, цехтың қима көрінісі, технологиялық картасы, технологиялық тізбегі, автоматика сызбасы, техника-экономикалық көрсеткіштер сызбасы.

Ұсынылған негізгі әдебиет 20 атау

**Дипломдық жобаны дайындау
КЕСТЕСІ**

Бөлім атаулары, қарастырылатын мәселелердің тізімі	Жетекшілер мен кеңесшілерге көрсету мерзімі	Ескерту
Технологиялық (технологиялық тізбек және сипаттама)		
Жылу-техникалық (жылу ылғалды өңдеуге арналған жабдықты есептеу)		
Сәулеттік- құрылыстық (бас цехтың конструктивті жобалау шешімі цехта жабдықтарды орналастыру)		
Автоматтау және автоматтандыру (құрылыс өндірісі технологиясын ұйымдастыру)		
Техника-экономикалық (тиімді нұсқаны таңдаудың технико-экономикалық негіздеу есептемелері)		
Қауіпсіздік және еңбек қорғау (қауіпсіздік техникасы сұрақтарын қарастыру)		

Дипломдық жоба бөлімдерінің кеңесшілері мен норма бақылаушының аяқталған жобаға қойған

қолтаңбалары

Бөлімдердің атауы	Кеңесшілер, аты, әкесінің аты, тегі (ғылыми дәрежесі, атағы)	Қол қойылған күні	Қолы
Технологиялық бөлімі			
Жылу-техникалық бөлімі			
Сәулеттік-құрылыстық бөлімі			
Автоматтау және автоматтандыру бөлімі			
Техника-экономикалық бөлімі			
Қауіпсіздік және еңбек қорғау бөлімі			
Норма бақылау	Бек А.А., ассистент		

Жетекші _____ Қуатбаева Т.Қ

Тапсырманы орындауға алған білім алушы _____ Қойшиева П.Қ

Күні « » _____ 2019ж.

АНДАТПА

Қуаттылығы жылына 50 мың м³ көпір үшін керекті бұйымдар шығаратын зауыт жобасы Алматы қаласында орналасқан. Дипломдық жобаның тапсырмасы бойынша көпір салу құрылысы қажетті көпір шығыны мен жаяу жүргіншілер блоктарының өндіру технологиялары мен қажетті бұйымдарының жиынтығы анықталды; технологиялық нобай мен технологиялық карта әзірленді, керекті бетон түрі анықталды. Негізгі және қосалқы жабдықтар есептеліп тағайындалды. Жылулық техникалық тарау бойынша шұңқырлық камераның есебі орындалды және пролеттық балка өндірісіне электротермоформа қолдануы қарастырылды. Дипломдық жобаның ақырғы бөлігінде өндірістегі техникалық қауыпсіздік пен еңбек қорғау сұрақтары қарастырылды.

АННОТАЦИЯ

Проектируемый завод по производству изделий для мостового строительства мощностью 50 тыс. м³ в год находится в г. Алматы. Согласно заданию на дипломное проектирование обоснована технология производства мостовых балок пролетного строительства и тротуарных блоков, определена номенклатура изделий, разработана технологическая схема и технологическая карта, произведен выбор и обоснование вида бетона, выбор и расчет основного и вспомогательного оборудования. По теплотехническому разделу выполнен расчет ямной камеры и рассмотрено применение для балок пролетного строения электротермоформ. В заключительной части дипломного проекта рассмотрены вопросы безопасности и охраны труда на проектируемом предприятии.

ABSTRACT

The planned plant for the production of products for bridge construction with the capacity of 50 thousand m³ per year is located in Almaty. According to the assignment to graduate design proved technology of production of bridge beams, bridge construction and paving blocks, identification of the range of products developed technological scheme and routing, material selection and justification of the kind of concrete, selection and sizing of main and auxiliary equipment. In the field of heating section, the calculation of the pit chamber and the application of beams for the superstructure of elektrotermii. In the final part of the graduation project addressed the issues of security and safety within the design enterprise.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе	7
1 Технологиялық бөлім	8
1.1 Жоба алдындағы таңдау	8
1.2 Зауыттың жұмыс тәртібі	9
1.3 Шикізат материалдарының шығынын есептеу	10
1.3.1 Аралық құрылысқа арналған өздігімен нығыздалатын бетон құрамын таңдау	10
1.3.2 Көпірлі тротуарлы блокқа арналған бетон құрамын есептеу	12
1.4 Бұйымды өндіру әдісін таңдау және негіздеу	15
1.5 Бұйым өндірісінің технологиялық схемасы және оның сипаттамасы	17
1.6 Цех тізбегіндегі технологиялық шектердің өнімділігін есептеу	19
1.7 Материальды баланс	23
1.8 Қосымша нысандарды таңдау және есептеу	25
1.9 Негізгі технологиялық жабдықты таңдау және есептеу	32
1.10 Шикізаттар мен дайын өнім өндірісінің сапасын бақылау	35
Қорытынды	37
Пайдаланылған әдебиеттер тізімі	38
Қосымшалар	

КІРІСПЕ

Көпірлер адам өмірінде маңызды рөл атқарады. Әлем бойынша кішкентай арықтарға салынатын көпірлерден бастап бірнеше шаршы метрді құрайтын үлкен көпір құрысын құрайтын көп мөлшерде көпірлер мен көпір құрылыстары салынған. Көлік жолдары елде күрделі жол желілерін қалыптастырады. Жергілікті жермен жүре отырып, олар өзара және теміржолдармен қиылысады, арық, бұлақ, жар, алқап, тау жотасы, шатқал, көл, теңіз шығанағы сияқты әртүрлі кедергілерге кезігеді. Кедергісіз қозғалысты қамтамасыз ету үшін жолдарға көпір құрылыстарын тұрғызады.

Көпір-кез келген қаланың маңызды құрылысы. Қазіргі таңда олар күрделі әрі әдемі құрылым болып табылады, олар жолдағы қозғалыс уақытын азайтады, ол қазіргі өмір ағысындағы маңызды фактор болып табылады. Кейде техникалық жағынан мүмкін болмайтын күрделі жерлерде жолдарды кеңейту мақсатында көпірлерді тұрғызады.

«Қазақстан-2050. Қалыптасқан мемлекеттің жаңа саясаттық курсы» стратегиясында инфрақұрылымды, сонымен қатар транспорт пен байланысты дамыту мәселесі қойылған. Өткен жылдарда көптеген өндірістік, тасымалдау инфрақұрылымы және тіршілік әрекетінің инфрақұрылымдарының ірі стратегиялық нысандары құрылысқа енгізілді: көлік және теміржол магистральдары, құбырлар, логистикалық орталықтар, терминалдар, әуежайлар, вокзалдар және тағы басқалары. Соңғы 11 жыл көлік жолын дамытуға 1 263,1 миллиард теңге бөлінді. Бұл жылдары 48 мың шаршы көлік жолдары, 1 100 шаршы теміржолдары жасалды және қайта қалпына келтірілді.

Қазақстандағы ең ірі жоба – Үлкен Алматы айналма көлік жолының (ҰААКЖ) құрылысы жоспарлануда. Ұзындығы 66 км көлік жолы 4 және 6 қозғалыс жолағы бар, I техникалық санаттағы, цементтібетонмен төселетін параметр бойынша жасалады. Сондай-ақ жоба 21 көпір, 19 жол өтпесі және 12 тасымалдау түйіндерінің құрылысын қарастырады.

Көпір құрылымдары темірбетоннан жасалған аралық құрылымдар мен тіректерден тұрады. Темірбетоннан жасалған аралық құрылымдар мен тіректер көпірдің негізгі құрылымы. Көпірдің жаяу жүретін және жүретін бөлігі, сонымен қатар құбырлардың төсеніштері көпір аралықтары бойынша жасалады, олар негізгі күшті өздеріне қабылдайды да көпір тіректеріне береді. Аралық құрылымдар негізінен арқалық, фермалар, көлденең арқалықтар, тротуарлы блоктар мен жүретін бөлігінен тұрады. Аралық құрылыстар негізінен арқалықтар, фермалар, көлденең арқалықтар, тротуарлы блоктардан тұрады. Негізінен көпірлі темірбетонды құрылымдардың қауіпсіздігі көпір элементтерін сапалы дайындауға байланысты болады. Заманауи уақытта көпірлерді жобалау компьютерлі жүйелер мен жаңа технологияларды пайдалануға мүмкіндік беретін жаңа деңгейге ауысып жатыр.

1 Технологиялық бөлім

1.1 Жоба алдындағы таңдау

Зауыт құрылысы Алматы облысына жоспарланып отыр. Бұл шикізат ресурстарының болуына негізделген, қажетті материалдар (кұм, шағыл тас) жергілікті карьерлерден алынады. Халық санының өсуі оларды жұмыспен қамтамасыз етуді қажет етеді. Еңбекке жарамды тұрғындардың болуы зауытты жұмыс қызметкерлерімен қамтамасыз етеді.

Қалада инфрақұрылым дамыған. Алматы елдің қаржылық орталығы, теміржол және көлік желілердің географиялық түрде сәтті орналасқан тасымалдау түйіні болып табылады. Тасымалдау жүйесіне көптеген автобустар, маршрутты таксилер және таксилер жүретін көлік жолдарының түйіндері жатады. Алдағы жылдарда елде жылдам жеңілрельсті тасымал жүйесі LRT (жеңіл метро, жылдам трамвай), сонымен қатар қарапайым трамвай құрылысы жоспарлануда.

Қазақстандағы ең ірі жоба – Үлкен Алматы айналма көлік жолының (ҰААКЖ) құрылысы жоспарлануда. Ұзындығы 66 км көлік жолы 4 және 6 қозғалыс жолағы бар, I техникалық санаттағы, цементтібетонмен төселетін параметр бойынша жасалады. Сондай-ақ жоба 21 көпір, 19 жол өтпесі және 12 тасымалдау түйіндерінің құрылысын қарастырады.

Бұл өндірістің жұмысы мемлекеттік тапсырманың шешімі үшін ғана емсе, қаланың қажеттілігін қамтамасыз етуге де қажет.

Алматы қаласын 2011-2015 жылдары аралығында дамыту бағдарламасымен жол-тасымалдау инфрақұрылымын дамыту мақсаты бойынша жаңа жолдардың, көпірлер және жол өтпелері, тасымалдау түйіндері құрылысы, тасымалдау түйіндерін, қолданыстағы жолдарды қалпына келтіру, паркинг құрылысының жобасы жоспарланып отыр.

Жол қозғалысына қатысушылардың ең көп әрі осал жері болып табылатын жаяу жүрушілердің қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жер асты және жер үсті жаяу жүрушілер орны, адамдар көп жиналатын жерлерде көліктің максималды жылдамдығына шектеулер қою, тосқауыл және бағыттаушы қоршаулар қою құрылысы жүзеге асырылатын болады.

Алматы тау бөктерінде орналасқан. Қала территориясының ауданы — 710 км². Қала далалы жазықтықта тұр. Қала территориясының бедері төмен жайылма үсті террасасынан тұрады.

Климаты континентальді. Жаз ыстық және құрғақ, қысы аязды және ұзақ. Орташа жылдық темпетарурасы 3,1 °С. Жауын-шашын жылына 300 мм түседі. Жаздың орташа температурасы 20 °С және қыстың орташа температурасы –15 °С, жазда 40 °С-тан жоғары ыстық, қыста –50 °С-қа дейін аяз болуы мүмкін, жазда – Орталық Азияның ауа массасы ыстық болады.

1.2 Зауыттың жұмыс тәртібі

Цехтың жұмыс тәртібі жылдағы жұмыс күнімен, тәуліктегі ауысым санымен, ауысымдағы сағат санымен сипатталады. Осы үш көрсеткіш арқылы цех немесе бөлек цехтардың жұмыс уақытының жылдық көрсеткішінің қоры анықталады.

Өндірістік бағдарлама және қабылданған цехтың жұмыс тәртібі шикізаттарды өндіру ағыны, технологиялық жабдықтар мен жұмысшы құрамын есептеуде қолданылатын бастапқы мәліметтер болып табылады.

Бетон және темірбетонды зауыттарда жұмыс аптасына екі күндік демалыста, үздікті аптамен, екі немесе үш ауысым бойынша жұмыс істеледі. Буландыру камералары, автоклавтар үш ауысымда, бетон араласпасын дайындайтын, бұйымдарды қалыптайтын, арматураны дайындайтын цехтар екі немесе үш ауысым бойынша жұмыс істейді.

Жұмыс тәулігінің есептік мөлшері жылына 5 күндік жұмыс бойынша 260 деп қабылдау керек және одан жоспарлы тоқтатуға кететін уақытты алып тастаймыз. Жоспарлы тоқтатуға кететін уақыттың ұзақтылығы 7 тәулік және жұмыс тәулігінің есептік мөлшері (негізгі технологиялық жабдықтың жұмыс істеу уақытының жылдық қоры) агрегатты-ағынды, стенділі тізбек және кассеталы құрылғылар үшін 253 деп қабылданады. Осыған сәйкес келесі жұмыс тәртібін қабылдайды.

Бөлек тізбектер мен өндірістің қуаттылығы анықталатын, технологиялық жабдықтардың жұмыс уақытының жылдық қоры, үздіксіз және үздікті аптада, сағат бойынша, мына формула арқылы есептеледі (1)

$$V_{ж} = V_{н} \cdot Ч \cdot K_{п}, \quad (1)$$

мұндағы $V_{н}$ - жылдағы жұмыс күнінің саны, сағат;
Ч – тәуліктегі жұмыс сағаттарының саны;
 $K_{п}$ – жабдықтарды пайдаланудың орташа жылдық коэффициенті

Жабдықтарды жүйелі түрде жөндеу үшін жабдықтарды техникалық пайдалану коэффициенті $K_{т.н.} = 0,8-0,95$ аралығында болады.

Қабылданған зауыттың жұмыс тәртібі 1-ші кестеге түсіріледі.

1 Кесте - Зауыттың жұмыс тәртібі

Бөлімдер, өндірістік бөліністе, жабдықта рдың атауы	Жылдағы жұмыс тәуліктерінің саны	Тәуліктегі ауысым саны	Жұмыс сағаттарының мөлшері			Жабдықтарды пайдалану коэффициенті	Ескерту	
			ауысымына	тәулігіне	жылына			
Шикізаттарды қабылдау	365		3	8	24	7446	0,85	
Шикізаттарды дайындау	253		2	8	16	3440,8	0,85	
Қалыптау	253		2	8	16	3440,8	0,85	
ЖБӨ	365		3	8	24	7446	0,85	
Сапаны бақылау	305		2	8	16	4148	0,85	
Дайын өнім қоймасы	253		2	8	16	3440,8	0,85	

1.3 Шикізат материалдарының шығынын есептеу

1.3.1 Аралық құрылысқа арналған өздігімен нығыздалатын бетон құрамын таңдау

Бетон класы В35М450

Конустың жайылымы 67 см

Қажетті бетон беріктілігін алу теңдеуі бойынша С/Ц мөлшері анықталады:

$$R = k_{SF} k_{R,SP} \frac{aR_y}{(B/C)X}, \quad (2)$$

мұндағы k_{SF} – минералды толықтырғыштың бетонның беріктілік шегіне әсерін ескеретін коэффициент, (мысалы, микрокремнезем, метакаолин $k_{SF} = 1,15-1,25$); толықтырғыш болмаған кезде 1 деп аламыз;

$k_{R,SP}$ – суперпластификаторлардың бетонның беріктілік шегіне және цементтің гидратационды активтілігіне әсерін ескеретін коэффициент. Нақты «цемент – толтырғыш» үшін экспериментті түрде анықталады. Шамамен 0,85 -1,05 аралығында болады;

a – толтырғыш қасиеттерінің бетонның беріктілік шегіне әсерін ескеретін коэффициент, (0,31-0,36); R_u –цементтің активтілігі, МПа, МЕСТ31108 бойынша цементті пайдаланғанда (активтілік МЕСТ 30744 бойынша анықталады) 1,175; $x = 1,39$ коэффициентімен қабылданады.

$$C/Ц = k_{SF} k_{R,SP} \frac{aR_u}{R_6 X}, \quad (3)$$

$$C/Ц = 1,25 \cdot 1,05 \cdot \frac{0,35 \cdot 52,5}{45,8 \cdot 1,39} = 0,38.$$

Су шығыны мына формула бойынша анықталады

$$B = (2,7 \dots 2,8) D, \quad (4)$$

мұндағы D – конус жайылымының диаметрі, см

$$B = 2,8 \cdot 56 = 187,6 \text{ л.}$$

Цемент шығыны мына формула бойынша анықталады

$$Ц = \frac{B}{B/Ц}, \quad (5)$$

$$Ц = \frac{187,6}{0,38} = 471 \text{ кг.}$$

Толықтырғыш шығыны

$$T = (0,15 \dots 0,25) Ц, \quad Ц + T < 650 \text{ болғанда}, \quad (6)$$

$$T = 0,152 \cdot 471 = 71,6 \text{ кг.}$$

Құм шығыны

$$Қ = 1,25(a(C/Ц) + b)(Ц + T),$$

мұндағы, $a=1,5083$ $b=0,4788$, су қажеттілігі $W_k=0,07$ құм үшін

$$Қ = 1,25 \cdot (1,5083 \cdot 0,38 + 0,4788) \cdot (471 + 71,6) = 713,9 \text{ кг.}$$

Шағылтас шығыны

$$Ш = 1,05(5(C/Ц) + 0,2)(Ц + T),$$

$$\text{Ш}=1,05 \cdot (5 \cdot 0,38 + 0,2) \cdot (471 + 71,6) = 1196,43 \text{ кг.}$$

Sika® ViscoCrete®-5-600 қоспасын цемент массасынан 0,3 – 0,6 % мөлшерде қосуға ұсынылады

Қоспа ерітіндісінің шығыны мынаған тең:

$$K_{\text{қоспа}} = \frac{Ц \cdot X}{C_p}, \quad (7)$$

мұндағы X – цемент массасынан алынатын қоспа мөлшері;
C_p – ерітіндінің жұмыс құрамының концентрациясы

$$K_{\text{қоспа}} = \frac{471 \cdot 0,3}{36,5} = 3,87 \text{ кг.}$$

Қоспа 20% дейін суды төмендетеді. Сонда 11 кестеде келтірілген құрамды аламыз

$$C_1 = 187,6 \cdot (1 - 0,2) = 150 \text{ л,}$$

$$Ц = \frac{150}{0,38} = 397 \text{ кг,}$$

$$T = 0,152 \cdot 397 = 60 \text{ кг,}$$

$$Қ = 1,25 \cdot (1,5083 \cdot 0,38 + 0,4788) \cdot (397 + 60) = 650 \text{ кг,}$$

$$\text{Ш} = 1,05 \cdot (5 \cdot 0,38 + 0,2) \cdot (397 + 60) = 1121 \text{ кг.}$$

2 Кесте - Өздігімен нығыздалатын бетонның құрамы

Аралық.бетон құрамы	Кг/м ³	%
Портландцемент , кг	0,397	16
Микрокремнезем, кг/м ³	0,060	2
Құм, кг/м ³	0,650	27
Шағылтас, кг/м ³	1,121	47
Су, л/м ³	0,150	6
Қоспа, кг/м ³	0,00387	0,16
Бетон араласпасының тығыздығы, кг/м ³	2381	

1.3.2 Көпірлі тротуарлы блокқа арналған бетон құрамын есептеу

Бетон класы В35 (М450)

Ыңғайлы төселуі КҚ=4-6 см
 Портландцемент М500 Д20 R_ц=52,5 МПа
 ρ_и=3200 кг/м³
 ρ_п=1300 кг/м³
 Құм М_к=2.0
 ρ_{и п}=2600 кг/м³
 ρ_п=1450 кг/м³
 Фракциясы 5-20 мм шағылтас
 ρ_{с ш}=2680 кг/м³
 ρ_{п ш}=14500 кг/м³

$$\frac{B}{Ц} = \frac{AR_{ц}}{R_0 + A0,5R_{ц}} = \frac{0.6 \cdot 52.5}{45.8 + 0.6 \cdot 0.5 \cdot 52.5} = 0.5.$$

Судың шығыны 12 кесте бойынша толтырғыш ірілігіне және араласпаның ыңғайлы төселіміне байланысты анықталады.

3 Кесте – Бетон араласпасындағы су шығыны

Ыңғайлы төселімі	МЕСТ 10181 – 00	КҚ жылжы	Ірілік бойынша су шығыны, л/м ³ , мм	
			Қиыршық тас	Шағыл тас

$$C=200 \text{ л.}$$

1) Цемент шығыны мына формула бойынша анықталады

$$Ц = \frac{B}{B/Ц} = \frac{200}{0,5} = 400 \text{ кг/м}^3$$

2) 1 м³ нығыздалған бетон араласпасына шығындалатын компоненттердің абсолюттік көлемдерінің мөлшері 1000 л болуы керек.

$$\frac{Ц}{\rho_{ц}} + C + \frac{П}{\rho_{п}} + \frac{Ш}{\rho_{с ш}} = 1000. \quad (8)$$

3) Бетон араласпасындағы ірі толтырғыштар арасындағы саңылаулар кейбір түйіршіктер жылжымалылығын ескере отырып, цементті-құмды ерітінділермен толтырылуы керек

$$\alpha > 1$$

$$\frac{Ц}{\rho_{ц}} + B + \frac{П}{\rho_{п}} = \frac{Ш}{\rho_{п ш}} \cdot \nu_{ш} \cdot \alpha, \quad (9)$$

мұндағы Ц, С, Қ және Ш – цемент, су, құм және шағылтас шығындары, кг;

$\rho_{н ш}$ – шағылтастың төгілмелі тығыздығы, кг/м³;
 $\rho_{п}, \rho_{ц}, \rho_{с ш}$ – сәйкес цемент, құм және шағылтас тығыздығы,
 кг/м³;

α – ерітіндімен шағылтас түйіршіктерінің жылжу коэффициенті раздвижки зерен щебня раствором (кесте 8);

$v_{ш}$ – шағылтастың кеуектілігі.

$$v_{ш} = \left(1 - \frac{\rho_{н ш}}{\rho_{с ш}}\right) \cdot 100, \quad (10)$$

$$v_{ш} = \left(1 - \frac{1450}{2680}\right) \cdot 100 = 46\%.$$

4 Кесте – Жылжу коэффициентінің мәні

Цемент шығыны, кг/м ³	С/Ц кезіндегі α					
	0,3	0,4	0,5	0,6	0,7	0,8
250	-	-	-	1,26	1,32	1,38
300	-	-	1,30	1,36	1,42	-
350	-	1,32	1,38	1,44	-	-
400	1,31	1,40	1,46	-	-	-
500	1,44	1,52	1,56	-	-	-
600	1,52	1,56	-	-	-	-

Ц=400 кг/м³ және С/Ц=05 болғанда $\alpha=1,46$

4) (3, 4) теңдеулерін үйлестіре отырып шағылтастың салыстырмалы шығынын анықтаймыз:

$$III = \frac{1000}{v_{ш}\alpha + 1/\rho_{с ш}}, \quad (11)$$

$$III = \frac{1000}{0,46 \cdot \frac{1,46}{1,450} + 1/2,68} = 1196 \text{ кг/м}^3.$$

5) Құм шығыны

$$K = \left(1000 - \left(\frac{Ц}{\rho_{ц}} + B + \frac{Ш}{\rho_{с ш}}\right)\right) \rho_{п}, \quad (12)$$

$$K = \left(1000 - \left(\frac{400}{3,2} + 200 + \frac{1196}{2,68}\right)\right) 2,6 = 595 \text{ кг/м}^3.$$

СТАСЕМЕНТ 2597/151.2 қоспасының шығыны

$$K_{\text{қоспа}} = \frac{Ц \cdot X}{C_p}, \quad (13)$$

мұндағы X – цемент массасынан алынатын қоспа мөлшері;
 C_p – ерітіндінің жұмыс құрамының концентрациясы

$$K_{\text{қоспа}} = \frac{400 \cdot 0,7}{31} = 9 \text{ кг.}$$

STACHEMENT 2597/151.2 қоспасы су мөлшерін 10%-ға дейін төмендетеді. Сондағыауыр бетонның құрамы 2.4 кестеде көрсетілген.

$$B_1 = 200 \cdot (1 - 0,1) = 180 \text{ л,}$$

$$Ц = \frac{180}{0,5} = 360 \text{ кг/м}^3,$$

$$Ш = \frac{1000}{0,46 \cdot \frac{1,314}{1,45} + \frac{1}{2,68}} = 1265,$$

$$Қ = (1000 - (\frac{360}{3,2} + 180 + \frac{1265}{2,68})) \cdot 2,6 = 612 \text{ кг.}$$

5кесте – Бетонның құрамы

	Кг/м ³	%
Портландцемент, кг/м ³	0,397	14
Шағылтас, кг/м ³	1,265	52
Құм, кг/м ³	0,612	25
Су, л/м ³	0,180	7
Қоспа, кг/м ³	0,0,9	0,37
Бетон араласпасының тығыздығы, кг/м ³	2426	

1.4 Бұйымды өндіру әдісін таңдау және негіздеу

Жоба бойынша аралық құрылысқа арналған арқалықтар өндірісі, өндіру әдісі – стенділі, қуаттылығы 50 000 м³ және тротуарлы блоктар өндірісі, өндіру әдісі агрегатты-ағынды, қуаттылығы 25 000 м³ қабылданды.

Стенділі технологияның шығындары өте көп, бірақ меншікті күрделі жұмсалымдары аз. Конвейерлі технология үшін аз еңбек сыйымдылығына көп күрделі жұмсалым қажет, ал ағынды-агрегатты технологияда салыстырмалы көп емес еңбек шығынына салыстырмалы түрде төмен меншікті күрделі жұмсалым қажет болады.

Қуаттылығы кіші және орташа зауыттарда ұсақ сериялы темірбетонды бұйымдарды өндіру үшін өндірістің агрегатты-ағынды әдісі тиімді болып табылады. Технологиялық жабдықтарының күрделі еместігі, өндіріс ауданының үлкен еместігі және құрылысқа кететін шығындардың аздығы 1 м^2 цехтың өндірістік ауданында жоғары көлемде дайын өнім алуға мүмкіндік береді. Қалыптау агрегатының өнімділігі бұйымдарды қалыптау циклінің өнімділігіне байланысты болады, ол үлкен диапазонда болуы мүмкін (5-40 мин).

Агрегатты – ағынды әдіс құрама темірбетон технологиясында кең таралған, өйткені оның технико-экономикалық көрсеткіштері бұйымның бөлек түрлерін өндіруде өте жоғары. Шығындар бойынша көлденең стендтерде бұйымдарды қалыптау бойынша стенділі технологиядан кейін тұрады. Жабдықтарының қарапайымдылығы, энергиялық сыйымдылығының аздығы, әртүрлі өлшемдегі бұйымдарды жеңіл дайындау, транспортты операцияларының аздығы - қалыптауды ұйымдастыру әдісінің ерекшеліктері болып табылады. Бірақ өндірістік ауданды көп қажет етуі, механизацияның деңгейінің төмендігі жоғары еңбек шығынын қажет етеді. Бұл факторлар агрегатты-ағынды технология бойынша массалы түрде бұйымдарды (плита және жабын панельдері, панельдер мен қабырға блоктары, іргетасты блоктар мен плиталар) өндіруді ұйымдастыруды жокқа шығарады. Бөлек технологиялық посттар бойынша қозғалысы шығындарды көп қажет ететін немесе өндірілуі қиын болатын бұйымдардың массасы мен өлшемдері артқан сайын стенділі әдістің тиімділігі де артады. Стендтің өнімділігі онда бұйымды ұстау ұзақтылығына байланысты болады.

Темірбетонды бұйымдарды өндірудің конвейерлі әдісі технологиялық процесстердің кешенді механизациясына қол жеткізуге мүмкіндік береді. Өндірісті ұйымдастыру еңбек өнімділігін арттыруға және технологиялық жабдықтарды толық әрі тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Бірақ конвейерлі технология көптеген күрделі жұмсалымдарды қажет етеді. Бұл әдісті шектелген номенклатура бойынша минималды мөлшерде типтік өлшемдегі бұйымдарды массалы түрде өндіретін зауыттарға пайдаланған тиімді. Конвейерлі технологияны плита, жабын панельдері, сыртқы қабырға панельдері сияқты бұйымдарды қалыптау кезінде пайдаланған дұрыс. Технологиялық тізбектер бұйымдарды қалыптау процесін максималды механизациялаған кезде жоғары зауыт дайындығы бойынша бұйымдарды өндіруге және конвейердің барлық посттарында өңдеу мүмкіндігін береді. Маңызды ауданды жіңішке әрі тегіс бұйымдарды (аралық, жабын панельдері) кассетада тік бағытта өндіреді. Кассеталы әдісте өндірістік цехтың аудан бойынша меншікті қажеттілігі минималды - бір орында бір уақытта әрқайсысының ауданы 12 м^2 болатын 12 бұйым қалыпталады. Діріл алаңы мен буландыру камераларының жоқтығы кассеталы әдістің ерекшелігі болып табылады. Терең бөліктерді кассетада нығыздау тиімді болып табылады, бірақ ол үшін араласпа жеткілікті деңгейде жылжымалы болуы керек, ал ол

цементтың шығынын көп қажет етеді. Кассетада көп секционды құрылымдарда тұтас қималы тегіс бұйымдар дайындалады.

1.5Бұйым өндірісінің технологиялық схемасы және оның сипаттамасы

Шикізат материалдары (цемент, микрокремнезем, арматура, қоспа) теміржолдары және (кұм, шағылтас) көлік жолдары арқылы зауытқа жеткізіледі.

Кұм және шағыл тас толтырғыштар қоймасына жеткізіледі. Қоймадан жер асты және көлбеу галерея арқылы құм мен шағыл тас зауыттағы бөлек бункерлерге жеткізіледі. Бункердің төменгі бөлігіндегі қабырғаларда жоғары ылғалдылықтың әсерінен толтырғыштардың жабысуы мен қатып тұруын болдырмау үшін аспалы дірілді құлатқыштар пайдаланылады. Портландцемент қысыммен көтеру және пневматикалық жолмен түсіріледі де силостарға салынады және сақталады. Силостардан портландцементті пневматикалық немесе цемент өткізгіш бойынша пневмонасосының (пневможүйеде көрсетілген қысым 0,6МПа) көмегімен беріледі. Цемент өткізгіш бойынша цемент бетон араластырғыш түйіннің шығын бункеріне түседі. Микрокремнезем бигбэгтерде, арматура ораммен, қоспалар контейлерде жүктеу машинасының көмегімен материалды-техникалық қоймаға жіберіледі.

Шығын бункерлерінен кейін схемада таразылы мөлшерлегіштер қарастырылған, мұнда олар рецепт бойынша өлшенеді. Су өткізу магистралынан толтырылған су шығын бағынан құйылады. Қоспаның сулы ерітінділері қоспаны дайындау бойынша қондырғыдан циркуляционды құбырдың көмегімен мөлшерлегішке беріледі.

Мөлшерлеу циклынан кейін схема бойынша компоненттер бетон араластырғышқа жіберіледі.

Бетон араластырғыш түйінде екі бетон араластырғыш орнатылған. Бірінші бетон араластырғышқа компоненттер келесі ретпен беріледі: цемент құм және микрокремнеземмен араластырылып енгізіледі, одан әрі шағыл тас, одан әрі қоспаны сумен бірге енгізеді. Араластыру уақыты бетон араластырғыштың маркасымен анықталады және планетарлы бетон араластырғыш үшін 2250/1500 – 50 секундты құрайды, одан әрі дайын бетон араласпасы бетон таратқышқа беріледі. Екінші бетон араластырғышқа компоненттер келесі ретпен беріледі: цемент құммен араластырылып енгізіледі, одан әрі шағыл тас, одан әрі қоспаны сумен бірге енгізеді. СБ – 146 бетон араластырғышында араластыру уақыты 50 секунд, одан әрі дайын бетон араласпасы кранды бадыяға беріледі.

Аралық құрылысқа арналған арқалықтар стенділі технология бойынша дайындалады. Қалыпты құм ағызғыш аппарат арқылы тазалайды. Тазаланған

калыптарды майды жеткізетін орталық жүйенің магистральді құбырына жалғанған шашыратқыш пистолеттердің көмегімен майлайды. Беріктілігі жоғары 12 байламды арматура сымдарынан тұратын орам ұстағыш қажетті тірекке ауыстырылады. Струнопакет жиналады және жылжымалы орам ұстағыштың бағыттағыш роликтері арқылы әрбір байлам үшін сымдардың ұшы бағыттаушы диафрагмасы бар қысқыштан өткізіледі және бас анкерлі қысқышқа бекітіледі. Сымды бекітпесі бар бас анкерлі қысқыш және бағыттаушы диафрагма арнайы лыжамен байланысады. Лыжа орам ұстағышқа қарама қарсы стенд соңына келгенде анкерлі қысқыш лыжадан босатылады, көпірлі кранның ілмегіне бекітіледі, стенд тіректеріне кіргізіледі де оларға бекітіледі. Одан әрі сым қысқыш соңына орнығады және кесіледі, ал жинау және струнопакетті созу процесі қайталанатын. Сому кезіндегі байламдардың бірінде сым таусылған жағдайда орам ұстағышқа көпірлі кран арқылы жаңа сымдар орамы орнатылады және арнайы құрылғының көмегімен сымдарды тұтастырады. Пакетті созу шамасына қарай ұштарына үлестіру диафрагмаларын орнатады, олар бұйымның қимасы бойынша арматураның жобалы жағдайын қамтамасыз етеді. Струнопакеттерді созуды аяқтау барысында гидродомкрат арқылы арматураны алдын ала кернейді (кесте 14).

6 Кесте – Бақыланатын күш, арқалықтың берілетін беріктілігі

Температура аймағы (ауаның ылғалдылығы)	Кернелетін арматураны кернеу			Екі жақтан кернеу кезінде созу	Кернеуден кейінгі арматурадағы бақыланатын кернеу		Бетонның берілетін беріктілігі	Сығымдалу күші бетонға ауысқаннан кейін (аралық ортасында)
	Арматурадағы бастапқы кернеу σ_p	Орамдағы күш (тұтам)			Сығымдалу күшіне байл.	Екі күннен σ_{coe2}		
1,2,3,4,5 ($\geq 40\%$)	941,5	443,5	64×2	913,4	887,3	75% $C_{25/30}$ 70% $C_{32/40}$	28	
6,7,8 ($\leq 40\%$)	970,9	457,3	66×2	942,8	913,7	78% $C_{25/30}$ 70% $C_{32/40}$	30	

Гидродомкраттағы сымдар қорын жеңілдету үшін, нақты кернеуден алдынтартылған сымдардың екі ұшын кеседі. Одан әрі арматура қаңқаларын, қосалқы бөлшектерді төсейді, қалыпты құрастырады және сол гидродомкратпен арматураны кернейді.

Бетон араластырғыш цех өндірістік цехтың тореці кесілген жерде орналасқан, сондықтан да бетон араласпасы бірден бетон таратқышқа беріледі. СМЖ 166Б бетон таратқыш сыйымдылығы 2,5 м³ екі бункерге ие, олар параллель жатқан екі қалыптың үстімен жүре отырып 6 илеммен толтырып шығады. Қалыптаудың соңында жылуылғалмен өңделеді.

ЖЫӨ термостендтерде жүзеге асырылады. Бұйымды жылуылғалмен өңдеу кезінде ылғалдың буланып кетпеуі үшін оның үстін брезентпен жауып қояды. Арқалықтарды қыздыру компьютерлі басқару жүйесімен жүзеге асырылады. Электрлі қыздыру кезінде қалыптарға жылуоқшаулағыш қабаты бар электрлі қыздырғыштар бекітіледі. Компьютер қыздыру жүйесін басқарады және қыздыру температурасын автоматты түрде бақылайды.

Бетон берілген беріктілігіне жеткенде бетонға анкерлі қысқыштарда болатын құмды муфта немесе бұранда көмегімен созу күші беріледі (кесте 2.6.1). Кернеуден алынғаннан кейін арматура арнайы машинамен кесіледі. Барлық операциялардан кейін сапасы бақыланады және маркаланады. Дайын өнімдер арбаға жүктеледі және дайын өнім қоймасына жеткізіледі.

Тротуарлы блоктарды агрегатты-ағынды тізбек бойынша келесі түрде дайындайды. Қалыптан шығару орнында қалыптар қылшақ және қырғыштардың көмегімен тазаланады. Қалыптарды Ортолан СЕП 711 майымен шашыратқыш пистолетінің көмегімен майлайды. Тазалау мен майлаудан кейін қалып көпірлі кран арқылы арматуралау орнына жеткізіледі. Арматура өздігімен жүретін арбаның көмегімен арматура цехынан жеткізіледі. Арматуралау орнында торлар мен қаңқалар салынады. Өндіру процесі мен қорғаныс қабатын қамтамасыз ету кезінде қаңқаның жылжып кетпеуі үшін пластикалық элементтердің көмегімен бекітіледі. Көпірлі кранның көмегімен қалып рольгангқа ауысады. Жетекті рольганг роликті-төлкелі шынжырлар мен сыналы белдіктер арқылы қозғалады және қалыптау орнына бағытталады. Қалыптау орнында бетон таратқыш рельстер арқылы қозғалады және бетонды араласпаны төсейді. Дірілді аспалы дірілдеткіштер арқылы жүзеге асырады, олар қалыптарға бекітіледі. Бетон араласпасы төселгеннен кейін қалып көпірлі кранның көмегімен жылуылғалмен өңдеу бөліміне жеткізіледі.

Жылуылғалмен өңдеу ұялы камерада жүзеге асырылады. Максималды өңдеу температурасы– 80 °С. Ұзақтылығы 9 сағат.

Ары қарай форма қалыптан шығару бөліміне түседі, оған әрі сапасы бақыланады және маркаланады. Дайын бұйымдар өздігімен жүретін арбалардың көмегімен дайын өнім қоймасына жеткізіледі [Қосымша А]

1.6Цех тізбегіндегі технологиялық шектердің өнімділігін есептеу

Цехтың жылдық бағдарламасы және бұйымның номенклатурасы жобада беріледі. Қабылданған цехтың жұмыс тәртібіне сәйкес бөлек

шектердегі мүмкін болатын ақаулар мен жоғалуларды ескере отырып өндірістік бағдарлама есептеледі. Бұл есептеуде темірбетонды бұйымдарда арматураның бар немесе жоқтығы ескерілмейді. Есептеу үшін шектер бойынша жоғалу көрсеткіштері қажет:

7 Кесте–Шектер бойынша жоғалулар

Шектер атауы	Шартты мәндері	Жоғалу пайызы, %
Дайын өнімдерді қоймалау	k_1	0,5
Бұйымдарды қалыптан шығару	k_2	0,5
Жылумен өңдеу	k_3	0,5
Қалыптау	k_4	0,5
Бетон араласпасын дайындау	k_5	0,5
Компоненттерді мөлшерлеу	k_6	0,3
Шикізат материалдарын қоймалау	k_7	0,7
Шикізат материалдарын тасымалдау	k_8	0,5

Зауыттың қуаттылығы $\Pi_{\text{жыл}} = 50000 \text{ м}^3/\text{жыл}$

Дайын өнімді қоймалау кезіндегі жоғалуды ($k_1, \%$) ескергендегі, өнімнің көлемі, $\Pi_1, \text{ м}^3/\text{жыл}$:

$$\Pi_1 = \frac{\Pi_{\text{ж}} \cdot 100}{100 - k_1} = \frac{50000 \times 100}{100 - 0.5} = 50251 \text{ м}^3/\text{жыл}$$

Қоймалау кезіндегі жоғалу көлемі $\text{м}^3/\text{жыл}$:

$$K_1 = \Pi_1 - \Pi_{\text{ж}} = 251 \text{ м}^3/\text{жыл}$$

Бұйымды қалыптан шығару кезіндегі жоғалуды ($k_2, \%$) ескергендегі, өнімнің көлемі, $\Pi_2, \text{ м}^3/\text{жыл}$:

$$\Pi_2 = \frac{\Pi_1 \cdot 100}{100 - k_2} = \frac{50251 \times 100}{100 - 0.5} = 50503 \text{ м}^3/\text{жыл}$$

Қалыптан шығару кезіндегі жоғалу көлемі $\text{м}^3/\text{жыл}$:

$$K_2 = \Pi_2 - \Pi_1 = 252 \text{ м}^3/\text{жыл}$$

Жылумен өңдеу кезіндегі жоғалуды ($k_3, \%$) ескергендегі, өнімнің көлемі, $\Pi_3, \text{ м}^3/\text{жыл}$:

$$П_3 = \frac{П_2 \bullet \times 100}{100 - k_3} = \frac{50502 \times 100}{100 - 0.5} = 50756 \text{ м}^3 / \text{жыл}$$

Жылумен өңдеу кезіндегі жоғалу көлемі м³/жыл:

$$K_3 = П_3 - П_2 = 253 \text{ м}^3 / \text{жыл}$$

Қалыптау кезіндегі жоғалуды (k₄,%) ескергендегі, бетон араласпасының көлемі, П₄, м³/жыл:

$$П_4 = \frac{П_3 \bullet \times 100}{100 - k_4} = \frac{50756 \times 100}{100 - 0.5} = 51011 \text{ м}^3 / \text{жыл}$$

Қалыптау кезіндегі жоғалу көлемі м³/жыл:

$$K_4 = П_4 - П_3 = 255 \text{ м}^3 / \text{жыл}$$

Бетон араласпасын дайындау кезіндегі жоғалуды (k₅,%) ескергендегі, бетон араласпасының көлемі, П₅, м³/жыл:

$$П_5 = \frac{П_4 \bullet \times 100}{100 - k_5} = \frac{51011 \times 100}{100 - 0.5} = 51267 \text{ м}^3 / \text{жыл}$$

Бетон араласпасын дайындау кезіндегі жоғалу көлемі, м³/жыл:

$$K_5 = П_5 - П_4 = 256 \text{ м}^3 / \text{жыл}$$

Мөлшерлеу кезіндегі жоғалуды (k₆,%) ескергендегі, бетон араласпасының көлемі, П₆, м³/жыл:

$$П_6 = \frac{П_5 \bullet \times 100}{100 - k_6} = \frac{51267 \times 100}{100 - 0.5} = 51421 \text{ м}^3 / \text{жыл}$$

Мөлшерлеу кезіндегі жоғалу көлемі, м³/жыл:

$$K_6 = П_6 - П_5 = 154 \text{ м}^3 / \text{жыл}$$

Шикізат материалдарын қоймалау кезіндегі жоғалуды (k₇, %) ескергендегі, бетон араласпасының көлемі, П₇, м³/жыл:

$$P_7 = \frac{P_6 \bullet \times 100}{100 - k_7} = \frac{51421 \times 100}{100 - 0.5} = 51783 \text{ м}^3 / \text{жыл}$$

Шикізат материалдарын қоймалау кезіндегі жоғалу көлемі, м³/жыл:

$$K_7 = P_7 - P_6 = 362 \text{ м}^3 / \text{жыл}$$

Шикізат материалдарын тасымалдау кезіндегі жоғалуды (k₈, %) ескергендегі, бетон араласпасының көлемі, П₄, м³/жыл:

$$P_8 = \frac{P_7 \bullet \times 100}{100 - k_8} = \frac{51783 \times 100}{100 - 0.5} = 52043 \text{ м}^3 / \text{жыл}$$

Шикізат материалдарын тасымалдау кезіндегі жоғалу көлемі, м³/жыл:

$$K_8 = P_8 - P_7 = 260 \text{ м}^3 / \text{жыл}$$

8 Кесте - Цехтың технологиялық шектерінің өнімділігі

Технологиялық шектің атауы	Өлшем бірлігі	Шығындар			
		Жылына	тәулігіне	Ауысымын а	сағатына
Дайын өнімдерді қоймалау	м ³ /жыл	50251	198	99	12,37
Қалыптан шығару	м ³ /жыл	50503	199	99,5	12,44
Жылумен өңдеу	м ³ /жыл	50756	200	100	12,5
Қалыптау	м ³ /жыл	51011	201	100,5	12,56
Бетон араласпасын дайындау	м ³ /жыл	51267	202	101	12,63
Мөлшерлеу	м ³ /жыл	51421	203	101,5	12,69
Шикізат материалдарын қоймалау	м ³ /жыл	51783	204	102	12,75
Шикізат материалдарын тасымалдау	м ³ /жыл	52043	205	102,5	12,81

1.7 Материальды баланс

Зауытта екі түрлі өнім өндіріледі: аралық құрылысқа арналған көпірлі арқалық өнімділігі жылына 25000 м^3 , тығыздығы $2381 \text{ м}^3/\text{кг}$ және тротуарлы блок өнімділігі жылына 25000 м^3 тығыздығы $2381 \text{ м}^3/\text{кг}$

$52043 \text{ м}^3/\text{жыл} \cdot 0,5 = 26021 \text{ м}^3/\text{жыл}$ - тығыздығы $2381 \text{ кг}/\text{м}^3$ арқалық кәсіпорында өндіріледі.

$26021 \text{ м}^3 \cdot 2381 \text{ кг}/\text{м}^3 = 61956 \text{ т}/\text{жыл}$ – тығыздығы $2378 \text{ кг}/\text{м}^3$ арқалық кәсіпорында өндіріледі.

Тығыздығы $2381 \text{ кг}/\text{м}^3$ арқалыққа қажетті компоненттердің мөлшері есептеледі, т/жыл:

$$C_{\text{вв1}} = 16\%,$$

$$C_{\text{вв1}} = 61956 \cdot 0,16 = 9912 \text{ т}/\text{жыл},$$

$$C_{\text{мз1}} = 27\%,$$

$$C_{\text{мз1}} = 61956 \cdot 0,27 = 16728 \text{ т}/\text{жыл},$$

$$C_{\text{кз1}} = 47\%,$$

$$C_{\text{кз1}} = 61956 \cdot 0,47 = 29119 \text{ т}/\text{жыл},$$

$$C_{\text{н}} = 2\%,$$

$$C_{\text{н}} = 61956 \cdot 0,2 = 12391 \text{ т}/\text{жыл},$$

$$C_{\text{д1}} = 0,16\%,$$

$$C_{\text{д1}} = 61956 \cdot 0,016 = 991 \text{ т}/\text{жыл},$$

$$C_{\text{в1}} = 6\%,$$

$$C_{\text{в1}} = 61956 \cdot 0,6 = 37173 \text{ т}/\text{жыл},$$

мұндағы $C_{\text{вв}}$ – байланыстырғыш;

$C_{\text{мз}}$ – ұсақ толтырғыш;

$C_{\text{кз}}$ – ірі толтырғыш;

$C_{\text{н}}$ – толықтырғыш;

$C_{\text{в1}}$ – су;

$C_{\text{д}}$ – қоспа

$52043\text{м}^3/\text{год} \cdot 0,5 = 26021\text{т}/\text{жыл}$ – тығыздығы $2471\text{ кг}/\text{м}^3$ тротуарлы блок кәсіпорында өндіріледі.

$$26021\text{м}^3 \cdot 2,471\text{ т}/\text{м}^3 = 64897$$

Тығыздығы $2471\text{ кг}/\text{м}^3$ бетонға қажетті компоненттер мөлшері есептеледі, т/жыл:

$$C_{\text{BB}2} = 14\%,$$

$$C_{\text{BB}2} = 64897 \cdot 0,14 = 9085\text{т}/\text{жыл},$$

$$C_{\text{M}32} = 25\%,$$

$$C_{\text{M}32} = 64897 \cdot 0,25 = 16224\text{ т}/\text{жыл},$$

$$C_{\text{K}32} = 52\%,$$

$$C_{\text{K}32} = 64897 \cdot 0,52 = 33746\text{ т}/\text{жыл},$$

$$C_{\text{Д}2} = 0,37\%,$$

$$C_{\text{Д}2} = 64897 \cdot 0,0037 = 240\text{ т}/\text{жыл},$$

$$C_{\text{В}2} = 7\%,$$

$$C_{\text{В}2} = 64897 \cdot 0,07 = 4542\text{т}/\text{жыл},$$

мұндағы $C_{\text{BB}2}$ – байланыстырғыш;

$C_{\text{M}32}$ – ұсақ толтырғыш;

$C_{\text{K}32}$ – ірі толтырғыш;

$C_{\text{Д}2}$ – қоспа;

$C_{\text{В}2}$ – су.

Өндірілетін бұйымға кететін шикізат материалдарының жалпы жылдық шығыны:

9 Кесте - Шикізат материалдарының жалпы шығыны

Шикізат материалының атауы	Мөлшері, т/жыл
Портландцемент	18997
Ірі толтырғыш	62865
Ұсақ толтырғыш	3952
Добавка Sika ViscoCrete_5-600	
Stahcement 2597	991
Толықтырғыш	12391
Су	82600

10 Кесте – Өндірістің материалдық балансы

Кіріс		ШЫҒЫС	
Шикізат компонентінің атауы	Шикізат мөлшері, т/жыл	Шектер атауы	Жоғалу мөлшері, м ³
Портландцемент	18997	Өндіріс қуаттылығы	50000 м ³ 126853 т/жыл
